

ҚАУІПСІЗДІК ТУРАЛЫ НЕГІЗГІ ЕСКЕРТУЛЕР

- Бұл құрылғыны қозғалу, сезу немесе ойлану мүмкіндіктері шектелген адамдарға немесе осы құрылғыға қатысты тәжірибесі немесе білімі жоқ адамдарға тек оларға ықтимал қауіп-қатерлер мен құрылғыны қауіпсіз жолмен пайдалану туралы нұсқау берілгенде және олар бақыланғанда ғана пайдалануға болады.
- Балалардың құрылғымен ойнамауы керек.
- Тазалауды және пайдаланушы орындайтын техникалық күтімді балаларға бақылаусыз орындатпау керек.
- Құрылғыны ешқашан суға батыру арқылы тазаламаңыз.
- Бұл тек үйде пайдалануға арналған құрылғы. Оны мынадай жерлерде пайдалануға болмайды: дүкендердегі, офистердегі және басқа жұмыс орталарындағы қызметкерлер тамақтанатын орындарда; фермаларда; қонақүйлердегі, мотельдердегі және басқа қонақ күту орталарындағы клиенттерге; төсек және таңғы ас беретін орталарда.
- Егер ашалы қосқыш немесе сым зақымданса, барлық қауіп-қатерлердің алдын алу үшін оны тек тұтынушыларды қолдау қызметтері ауыстыруы керек.

ТЕК ЕУРОПАЛЫҚ НАРЫҚҚА АРНАЛҒАН:

- Бұл құрылғыны 8 жастан асқан балаларға тек оларға ықтимал қауіп-қатерлер мен құрылғыны қауіпсіз жолмен пайдалану туралы нұсқау берілгенде және олар бақыланғанда ғана пайдалануға болады. Балалар сегіз жастан аспаған болса және үнемі бақылауда болмаса, тазалауды және пайдаланушы орындайтын техникалық күтімді балалар 8 жастан аспаса және бақылауда болмаса орындамаулары керек. Құрылғыны және оның сымын 8 жастан аспаған балалардан аулақ ұстаңыз.
- Құрылғыларды қозғалу, сезу немесе ойлану мүмкіндіктері шектелген адамдарға немесе осы құрылғыға қатысты тәжірибесі немесе білімі жоқ адамдарға тек оларға ықтимал қауіп-қатерлер мен құрылғыны қауіпсіз жолмен пайдалану туралы нұсқау берілгенде және олар бақыланғанда ғана пайдалануға болады.
- Балалардың құрылғымен ойнамауы керек.
- Пайдаланылмаған кезде және тазаламас бұрын, құрылғыны әрқашан розеткадан ажыратып жүріңіз.



Осы таңбамен белгіленген беттер пайдалану барысында ыстық болады (бұл таңба тек кейбір үлгілерде ғана бар).

ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ



Қауіпті!

Бұл құрылғы электрмен жұмыс істейтіндіктен, электр тогына түсу қаупін жоққа шығаруға болмайды.

Сондықтан, мына жерде берілген қауіпсіздік жайлы ұсыныстарды ескеріңіз:

- қолдарыңыз немесе аяқтарыңыз ылғал болған кезде құрылғыны ұстамаңыз;
- сым ашасын ылғал қолмен ұстамаңыз;
- Ашаны кез келген уақытта суырып алу үшін пайдаланылатын розетка қол жететін жерде болғаны жөн.
- Ашаның өзінен ұстап тарту арқылы ашаны розеткадан суырыңыз. Қуат кабелінен ұстап тартпаңыз, себебі оны зақымдауыңыз мүмкін.
- Құрылғыны толығымен ажыратып тастау үшін ашаны розеткадан суырыңыз.
- Егер құрылғы сынған болса, оны жөндеуге әрекеттенбеңіз. Оны өшіріп, розеткадан ажыратыңыз және тұтынушыны қолдау қызметтерімен хабарласыңыз.
- Құрылғының сыртқы бөліктеріне кез келген тазалау операцияларын орындамас бұрын, құрылғыны өшіріп, ашаны розеткадан суырыңыз да, құрылғыны суытып алыңыз.



Маңызды:

Орам материалдарын (полиэтилен қалталары, кеңейтілген полистирен) балалардан аулақ ұстаңыз.



Күйіп қалу қаупі бар!

Бұл құрылғы ыстық су шығарады және пайдалану барысында бу қалыптасуы мүмкін. Ыстық су шашырандылары немесе бу сізге тиіп кетпесін.

Өз мақсатына сай пайдалану

Бұл құрылғы кофе және ыстық сусындар дайындауға арналған. Барлық басқа қолданыс дұрыс емес болып табылады. Бұл құрылғы коммерциялық қолданысқа жарамайды. Өнім жасаушысы құрылғыны дұрыс пайдаланбаудан туындайтын зақым үшін жауапты емес.

Пайдалану нұсқаулары

Құрылғыларды пайдаланбас бұрын мына нұсқауларды мұқият оқып шығыңыз. Осы нұсқауларды елемеген адамдарды жарақаттануға немесе құрылғыны зақымдауға себеп болуы мүмкін.

Өнім жасаушысы осы нұсқауды елемеген туындайтын зақым үшін жауапты болмайды.



Ескеріңіз:

Осы нұсқаулықтарды жақсылап сақтап қойыңыз. Егер құрылғыны басқа адамдарға беру керек болса, осы нұсқауларды олармен бірге беру керек.



Ескеріңіз: алғаш рет пайдалану

Алғаш рет пайдаланған кезде, құрылғының ішкі жолдарын шайыңыз және құрылғыны біреу кофені жасау үшін кемінде бір ыдыс суды босатқандай етіп пайдаланыңыз, сосын кофе жасауды жалғастырыңыз.

Құрылғыны басқару

Орамды ашқан соң, құрылғы бөлшектерінің түгелдігін, зақымданбаған және барлық керек-жарақтардың болуын тексеріңіз.

Бұл құрылғыда зақымданған жерлер болса, оны пайдаланбаңыз. De'Longhi сатудан кейінгі қызметімен хабарласыңыз.

ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

(3-беттегі суретті көріңіз).

Төмендегі терминология төмендегі беттерде қайталанып пайдаланылатын болады.

- A1. Ағын реттегіш (бекітілген болса)
- A2. Су ыдысы
- A3. Қауіпсіздік клапаны бар қақпақ
- A4. Бу тетігі
- A5. Бу түтігі
- A6. Тамшы науасы
- A7. Кесе науасы
- A8. ON/OFF (ҚОСУ/ӨШІРУ) қосқышы
- A9. Сигнал шамы
- A10. Қайнатқыш бөліктің шығыс түтігі

Керек-жарақтар сипаттамасы

(3-беттегі суретті көріңіз)

- B1. Өлшеу қасығы
- B2. Сүзгі
- B3. Сүзгіні ұстатқыш
- B4. Қақпағы бар графин
- B5. Қақпақтарға арналған адаптер (егер бекітілген болса)
- B6. Каппучино қондырмасы

ОРНАТУ

- Орамды ашқан соң, өнімнің зақымданбағанын және бөлшектерінің толықтығын тексеріңіз. Күдіктенсеңіз, құрылғыны пайдаланбаңыз және тек білікті қызметкермен ғана хабарласыңыз.
- Орам материалдарын (пластик қалталар, полистирен көбігі және т.б.) балалардан аулақ ұстаңыз, себебі олар қауіпті.
- Құрылғыны су шүмектерінен, жуыну ыдыстарынан және ыстық нәрселерден алшақ жерге орналастырыңыз.
- Құрылғыны пайдаланылатын жерге орналастырған соң, құрылғының беттері мен бүйірдегі және арттағы қабырға арасына 5 см, ал кофе жасағыштың үстіне 20 см бос орын қалдырыңыз.
- Құрылғыны температурасы 0°C не одан төмен болатын жерлерге орнатпаңыз (егер су қатып қалса, құрылғы зақымдануы мүмкін).
- Розетка қуаты кернеуінің құрылғының мәліметтер тақтасында көрсетілген кернеуге сәйкестігін тексеріңіз.

Құрылғыны тек жерге тиімді жолмен тұйықталған және ток қуаты кемінде 10 А болатын розеткаға қосыңыз.

Розетканы дұрыс жерге тұйықтамау салдарынан болуы мүмкін жағымсыз жағдайлар үшін ақаулық үшін өнім жасаушысы жауапты болмайды.

- Егер құрылғыға бекітілген қосқыш аша розеткаға сай болмаса, розетканы жарамды розеткамен білікті маманға ауыстыртыңыз.
- Осы құрылғының қуат кабелін пайдаланушы өзі ауыстырмауы керек, себебі бұл операция арнайы құралды пайдалану қажет болуы мүмкін. Егер кабель зақымданса немесе оны ауыстыру керек болса, барлық қауіп-қатерлердің алдын алу үшін уәкілетті қызмет орталығымен хабарласыңыз.
- 1935/2004 ЕЕС тағам тиетін материалдар мен керек-жарақтар директивасына сәйкес.

СУ ЫДЫСЫН ТОЛТЫРУ

1. Су ыдысы қақпағын сағат тілі бағытына қарсы бұрап алыңыз.
2. Берілген графинді (1-сурет) пайдаланып, мәтіннің соңында берілген кестедегі мөлшерлерге сай қайнатқышқа (2-сурет) су құйыңыз. **Көрсетілген мөлшерлерден асырмаңыз, себебі олай ету құрылғының дұрыс жұмыс істеуіне әкеп соқтырады.** Қайнатқышты толтыру кезінде ON/OFF (ҚОСУ/ӨШІРУ) қосқышының OFF (ӨШІРУ) бағытында тұрғанына көз жеткізіңіз.
3. Қайнатқыш қақпағын сағат тілі бағытына бұрап алыңыз.

КОФЕ ЖАСАУ ӘДІСІ

1. Сүзгі ұстатқышқа сүзгіні енгізіңіз. (3-сурет).
2. Кофені төмендегі кестеде (4-сурет) көрсетілген берілген мөлшерлерге сәйкестендіріп салыңыз. Орташа тартылған кофені пайдалану маңызды болып табылады. (Өте майда етіп тартылған кофені пайдаланбаңыз, себебі ол сүзгіні бітеуі мүмкін, МОКА кофесін пайдаланған жөн).
3. Сүзгі сақинасынан (5-сурет) артық кофені алып тастаңыз.

4. Сүзгі ұстатқышты құрылғыға бекіту үшін, оны қыздыру кранының (6-сурет) астына қойыңыз. Осы кезде сүзгі ұстатқышты жоғары қарай басып тұрып, сағат тілі бағытына қарсы соңына дейін бұраңыз. Сүзгі корпусының құтысының тұтқасы құрылғының ортасына қарай тураланбаса, ешнәрсе етпейді. Құтыны өзінің орнына мықтап орнату керек.
5. Қақпағы бар графинді сүзгі ұстағыштың астына осы графиннің қақпағындағы тесікке (7-сурет) шүмек кіріп тұратындай етіп орналастырыңыз. Бу тетігінің өшірулі тұрғанына көз жеткізіңіз.
6. Егер құрылғы ағын реттегішпен жабдықталған болса, деңгейді қалаған кофе түріне сай қалаған аймаққа орналастырыңыз. «сұйық», «орташа» немесе «қою» (8-сурет).
7. ON/OFF (ҚОСУ/ӨШІРУ) түймесін басыңыз (9-сурет). Сигнал шамы жанады.
8. Кофе құйылғанша шамамен үш минут қажет. Кофе құйылған соң, қуат қосқышын өшіріңіз.
9. Қайнатқыш қақпағын бұрамас және сүзгі ұстатқышты алмас бұрын, бу тетігін (10-сурет) жайлап бұрау арқылы қалған қысымды шығару керек.

Ескертпе: қауіпсіздікті сақтау себептеріне байланысты, қайнатқыш ыстық болған кезде оның қақпағы ашылмайды, себебі қақпақ бұрап ашпаса да бұралады. Егер оны қандай да бір себеппен алып тастау қажет болса, жоғарыда жаңа ғана сипатталғандай бу тетігін пайдалану арқылы қайнатқыштан буды әрқашан шығарып тастау керек.

- 10 Сүзгі ұстағышты алып тастау үшін, сапты оңнан солға қарай бұраңыз.

Сүзгі ұстағыштан кофе ұнтағын алып тастау үшін, оны төңкеріңіз және барлық ұнтақтар кеткенше (11-сурет) қайта-қайта соғыңыз немесе сүзгі ұстағыш бөлікті ағын су астында ұстап, кептіріп қойыңыз.

ЕСКЕРТПЕ: «Жаңа» иісті жою үшін құрылғыны бірінші рет пайдаланған кезде кофе жасау циклін кофеңі ішпей бір-екі рет орындаңыз.

Кофе кеселерге тікелей ағады

Графинді 2 немесе 4 кесе кофе қайнату үшін пайдалануға болады.

Егер 2 кесе ғана қайнатқыңыз келсе, адаптерді сүзгі ұстағыштың (12-сурет) төменгі бөлігіне бекітіп, кеселерді тікелей қондырмалардың астына қойыңыз. Осылайша, кофе кеселердің ішіне тікелей ағады.

КАППУЧИНО ЖАСАУ

Каппучино дегеніміз сүтті қыздыру арқылы бетіне көпіршік құйылатын эспрессо кофесі.

- 1 Төмендегі кестені нұсқаулық ретінде пайдаланып, графинге қажетті сүт мөлшерін құйыңыз. Ең жақсы нәтижелерге тоңазытқыш температурасындағы көпіршітілмеген таза сүтті пайдалану арқылы қол жеткізуге болады.
- 2 Сүтті құтыға ауыстырып құйыңыз. Сүттің көлемі үш есе көбейетіндіктен, құты жеткілікті деңгейде үлкен болуы керек.

Ағын реттегішпен жабдықталған үлгілер

- 3 «Эспрессо кофе жасау» бөліміндегі 1-10-қадамдарды орындаңыз.
2 кесе капучино жасау үшін қажет су мөлшері 2 кесе кәдімгі кофе жасау үшін қажет су мөлшерінен көбірек болады, себебі сүтті эмульгациялау үшін бу шығару қажет. Ағын реттегішті MEDIUM (ОРТАША) бағытына орнату ұсынылады.
- 4 Кофе құтының бүйірінде белгіленген 2 санына жеткенше тамшыласын, сосын CARPUCCINO (КАППУЧИНО) опциясын таңдаңыз.
Кофе сүзгі ұстағыштан тамшылай бастаған кезде, бу қондырмасының саңылауының сүт бетінен төмен тұрғанына көз жеткізе отырып, бу қондырмасын 13-суретте

көрсетілгендей етіп сүтке салыңыз да, бу тетігін сағат тілі бағытына қарсы бұрау арқылы бу клапанын ашыңыз.

- 5 Құтыны бу қондырмасының астында 14-суретте көрсетілгендей етіп жоғары-төмен қозғаңыз (олкөбіктіңнеғұрлымкөпболуына көмектеседі). **Сүтті қайнатқыштағы бу толық пайдаланылғанша көпіршітіңіз де**, бу тетігін сағат тілі бағытына қарай бұрау арқылы бу клапанын жауып, ON/OFF (ҚОСУ/ӨШІРУ) қосқышын OFF (ӨШІРУЛІ) бағытына орнатыңыз

Ескерту: құрылғыны пайдаланған соң бу тетігін қосу арқылы қайнатқышты әрқашан судың немесе будың қалдығынан босатып отырыңыз.

- 6 Көпіршітілген сүтті кофеге жайлап құйыңыз немесе қасықпен салыңыз, сосын керемет капучино кофе болуы үшін, оның үстіне шоколад қиқымын аздап себіңіз.

Ағын реттегіші жоқ үлгілер

- 3 «Эспрессо кофе жасау» бөліміндегі 1-10-қадамдарды орындаңыз.
2 кесе капучино жасау үшін қажет су мөлшері 2 кесе кәдімгі кофе жасау үшін қажет су мөлшерінен көбірек болады, себебі сүтті эмульгациялау үшін бу шығару қажет.
- 4 Кофе сүзгі ұстағыштан тамшылай бастаған кезде, бу қондырмасының саңылауының сүт бетінен төмен тұрғанына көз жеткізе отырып, бу қондырмасын 13-суретте көрсетілгендей етіп сүтке салыңыз да, бу тетігін сағат тілі бағытына қарсы бұрау арқылы бу клапанын ашыңыз.
5. Құтыны бу қондырмасының астында 14-суретте көрсетілгендей етіп жоғары-төмен қозғаңыз (ол көбіктің неғұрлым көп болуына көмектеседі). **үтті қайнатқыштағы бу толық пайдаланылғанша көпіршітіңіз де**, бу тетігін сағат тілі бағытына қарай бұраңыз.
- 6 Қалған кофені сүзгі ұстатқыш арқылы графинге ағызыңыз, ол шамамен 3 минут алады, сосын құрылғыны ӨШІРІҢІЗ. **Ескерту: құрылғыны пайдаланған соң бу тетігін қосу арқылы қайнатқышты әрқашан судың немесе будың қалдығынан босатып отырыңыз.**

- 7 Кофені кеселерге құйыңыз, жайлап құйыңыз немесе көпіршітілген сүтті кофеге қасықпен салыңыз, сосын керемет капучино кофе болуы үшін, оның үстіне шоколад қиқымын аздап себіңіз.

Капучино қондырмасын тазалау

Қолданыстан кейін сүттің бу түтігін (капучино қондырмасы бар) дереу тазалаңыз, себебі қатқан сүтті кетіру қиын болады.

Есте сақтаңыз: сіз мұны буды басқару тетігін сағат тілі бағытына қарсы бұрау арқылы орындайсыз.

МАҢЫЗДЫ: сүт көпірткішті және бу қондырмасын қолданыстан кейін әрқашан дереу тазалап отырыңыз. Мына әрекетті орындаңыз:

- Бу тетігін (15-сурет) бұрау арқылы бірнеше секунд бойы шамалы бу шығарыңыз.
- 16-суретте көрсетілген 3 тесіктің бітеліп қалмағанын тексеріңіз. Қажет болса, оларды инемен тазартыңыз.
- Капучино жасағыш пен бу қондырмасын жылы сумен мұқият жуыңыз.
- Капучино жасағышты қайта бекітіңіз.

АВТО ӨШІРУ

Егер құрылғы белгілі бір уақыт аралығында пайдаланылмаған болса (үлгіге қарай әр түрлі болады), ол автоматты түрде ажырайды (қуат шамы сөнеді).

КЕҢЕСТЕР

Жақсы эспрессо және капучино жасау қиын емес, бірақ ол тәжірибені қажет етеді. Төмендегі кеңестер құрылғыдан ең жақсы нәтижелер алуға көмектеседі:

- Кеселерді кофемен толтырмас бұрын жылытыңыз.
- Ең жақсы нәтижелерге қол жеткізу үшін арнайы эспрессо кофесін пайдаланыңыз. Оларды қазір супермаркеттерден табу қиын емес.
- Жаңа тартылған кофенің иісі керемет болады. Иісті сақтап қалу үшін, жаңа тартылған кофені ауа кірмейтін ыдыста салқын жерде, тіпті тоңазытқышта сақтаған жөн.

ТАЗАЛАУ ЖӘНЕ КҮТІМ КӨРСЕТУ

1. Кофе жасағышты тазалау кезінде еріткіштер мен ысқыш сұйықтықтарды пайдаланбаңыз. Жұмсақ, дымқыл шүберекті пайдаланыңыз.

2. Сүзгі ұстағышты, сүзгіні және тамшы науасын тұрақты түрде тазалаңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: тазалау кезінде құрылғыны ешқашан суға батырмаңыз, себебі ол – электрлік құрылғы.

СҮЗГІ ҰСТАҒЫШТЫ ПАЙДАЛАНУ

Шамамен 300 кофе сайын ұнтақ кофенің сүзгі ұстағышын былай тазалап отырыңыз:

- сүзгіні алып тастаңыз
- сүзгі ұстағыштың ішін тазалаңыз. Ыдыс жуғышта ешқашан жумаңыз.
- Барлық бөлшектерін шайыңыз және металл сүзгіні щеткамен ыстық суда мұқият тазалаңыз (17-сурет). Металл сүзгідегі тесіктердің бітеліп қалмағанын тексеріңіз. Қажет болса, инемен тазартыңыз (18-сурет).

Жоғарыда сипатталғандай етіп тазаламау кепілдік күшін жояды.

ЭСПРЕССО ҚАЙНАТҚЫШЫНЫҢ ШҮМЕГІН

ТАЗАЛАУ

Әрбір 300 кофе жасау кезеңінен кейін, эспрессо қайнатқыш бөлігінің тесігін былай тазалап отыру керек:

- кофе құрылғысының жылы емес екенін және ашаның розеткадан суырылғанын тексеріңіз;
- бұрауышты пайдалану арқылы эспрессо қайнату бөлігі тесігін ұстап тұратын екі бұранданы бұрап алыңыз (19-сурет);
- қайнатқыш бөлікті дымқыл шүберекпен тазалаңыз (20-сурет);
- шығыс тесікті щеткамен ыстық сумен мұқият тазалаңыз. Тесіктердің бітелмегеніне көз жеткізіңіз. Қажет болса, инемен тазартыңыз.
- тесікті жайлап қырғылау арқылы ағын су астында шайыңыз;
- эспрессо қайнатқышының тесігін ауыстырыңыз.

Жоғарыда сипатталғандай етіп тазаламау кепілдік күшін жояды.

ҚАҚ ТАЗАЛАУ

Біз кофе жасағыштың қағын шамамен 200 кофе жасалған сайын тазалауды ұсынамыз. Біз дүкеннен сатып алуға болатын De'Longhi қақ тазалағышын пайдалануды ұсынамыз.

Мына әрекетті орындаңыз:

1. Алдымен кофе құрылғысын тазалап, өшіріңіз де, розеткадан ажыратып тастаңыз.
2. Құтыны орамдағы көрсеткіштерге қарап сумен еріту арқылы алынған қақ тазалау ерітіндісімен толтырыңыз.
3. Ерітіндіні қайнатқышқа құйыңыз.
4. Қайнатқыш қақпағын орнына салып, ерітіндіні шамамен 30 минут жұмыс істетіп қойыңыз.
5. Таңдағышты (бекітілген болса) LIGHT (СҮЙІЛК) бағытына қойыңыз.
6. Сүзгіні және сүзгі ұстағышты орындарына қойыңыз (кофесіз).
7. Құтыны тамшы науасына қойыңыз.
8. Розеткаға қосыңыз.
9. Кофе құрылғысын іске қосыңыз. Бірнеше минуттан соң, ыстық ерітінді құтыдағы сүзгі ұстағыш арқылы аға бастайды.
10. Бу түтігін стақанға немесе кесеге салыңыз. Қақ тазалау ерітіндісі сүзгі ұстағыш арқылы ағып жатқан кезде бу тетігін бірнеше секундқа ашып қойыңыз. Осылайша түтіктің ішіндегі барлық сүт қалдықтары кетеді.
11. Бу тетігін жабыңыз (қақ тазалау ерітіндісі құтыға әрі қарай құйыла береді).
12. Ерітінді құтыға құйылып болған соң, құрылғыны өшіріп, суытып қойыңыз. Сүзгі ұстағышты, сүзгіні және құтыны алып, ыстық сумен шайыңыз.
13. Қақ тазалағыштың қалдығын кетіру үшін, кофе салмай кемінде 2 кофе жасау циклін орындаңыз.

ТЕХНИКАЛЫҚ ДЕРЕК

Желі кернеуі: төлқұжат жапсырмасын көріңіз

Жұтылатын қуат: төлқұжат жапсырмасын көріңіз

Өлшемі: ҰхБхД: 205х290х265 (350) мм

Қуат кабелінің ұзындығы: 1150 мм

Салмағы:

1,8 кг (ЕС5-6)

1,9 кг (ЕС7)



Бұл құрылғы мына ЕС директиваларына сәйкес:

- 2006/95/ЕС төменгі кернеу директивасы және кезекті толықтырулары;
- ЕМС 2004/108/ЕС директивасы және кезекті толықтырулары;
- Еуропалық күту режиміне қатысты 1275/2008 ережесі және қатысты толықтырулары;
- 1935/2004 ЕЕС тағам тиетін материалдар мен керек-жарақтар ережесіне сәйкес.

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

Бұйым түрі: өнімдегі таңбалауға қараңыз

Үлгі: "

Кернеу: "

Жиілік: "

Қуаты: "

Қытайда:

De'Longhi Appliances s.r.l.

via L.Seitz, 47 - 31100 Treviso Italy

Де'Лонги Апплайансиз с.р.л.

Виа Л. Зейц, 47 31100 Тревизо Италия үшін жасалған.

Кедендік одақтар территориясында тұтынушыларға тасымалдау үшін жауап кершілікті және импортер:

"Делонги" ЖШҚ

127055 Ресей, Мәскеу қ,




Суцёвская көшесі, 27-үй, 3-ғимарат

Тел.: +7 (495) 781-26-76

Бұл құрылғы пайдалану нұсқаулығында көрсетілгендей жолмен пайдаланылады. Өнімнің мерзімі сатып алынған күннен бастап 2 жылға созылады.

Бұйым шығарылған күнін бұйым корпусында жазылған сериялық нөмір бойынша анықтау мүмкін. (Сериялық нөмірі: ASSCC, бұл жерде А – өнім жасалған жылдың соңғы саны, SS – өнім жасалған апта, CC – басып шығару күні, 1992 жылдан бастап автоматты түрде есептеледі. Мысалы: Сер.№ 30411, өнім жасалған жыл – 2003, өнім жасалған апта – 4)

EAC

Жасау	Графиндегі су мөлшері	Сүзгідегі кофе мөлшері
2 эспрессо		
2 капучино	Су деңгейі графиндегі бұл белгісіне сай болуы керек 	
4 эспрессо		
4 капучино	Су деңгейі металл таспаның төменгі бөлігіне сай болуы керек 